

«Төрлет, Наурыз!» тақырыбында республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтері мен білім алушылары арасында «Төрлет, Наурыз!» тақырыбында республикалық интернет-байқауды (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: балалардың көркемдік шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау, өз халқының тарихи және мәдени мұрасына ұқыпты қарауға, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.

3. Байқау міндеттері:

1) балалардың туған өлкеге махаббатын, оның рухани және мәдени мұрасына деген мақтаныш сезімін қалыптастыру;

2) бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер саласында талантты балаларды анықтау дамыту және қолдау;

3) адам өмірінің рухани-адамгершілік аспектілерін түсінуге балалардың уәждемесін арттыру, қатысушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау **2016 жылғы 2 ақпан мен 28 наурыз аралығында** балаларға арналған **www.ziyatker.org** ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

7. Байқау жұмыстары **2016 жылғы 18 наурызға дейін konkurs.nauryz@mail.ru** электрондық поштасына қабылданады.

Анықтама телефоны: 8(7172)249303, көркем-эстетикалық бөлім әдіскері Абикаликова Аида Пансатқызы.

8. **2016 жылғы 18 наурыздан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. **Байқауға қатысу үшін педагогтерге 3000 (үш мың) теңге, білім алушыларға 1000 (мың теңге) төлемақы төленеді.**

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733
ИИК KZ918560000005068448
БИК КСJBKZKX
КНП 859
Кбе 16
АО БанкЦентрКредит

Төлемақы мақсаты: «Төрлет, Наурыз!» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, **konkurs.nauryz@mail.ru** электрондық поштаға жіберу қажет.

10. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2016 жылғы 28 наурызда** **www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

11. Байқауға 8-17 жас аралығындағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

- 1) кіші жас санаты: 8-10 жас;
орта жас санаты: 11-14 жас;
жоғарғы жас санаты: 15-17 жас;

2) балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың (мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдары) педагог жұмыскерлері.

12. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:
білім алушыларға:

«Өз қолымен жасаған киіз үйдің макеті»;

«Бәйшешек бүр жарғанда...»;

педагогтер үшін:

«Қызғалдақ гүлі – Наурыз мерекесінің символы» мерекелік іс-шараның үздік сценарийі.

13. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес қабылданады.

1) **«Өз қолымен жасалған киіз үй»** номинациясында байқауға қағаз, қатырма қағаз, киіз, сым, бисерден және басқа да материалдарды қолдану арқылы кез келген техникада орындалған киіз үй макетін жасау кезеңдерінің 4-5 фотосуреттері қабылданады.

2) **«Бәйшешек бүр жарғанда...»** номинациясында таңдау бойынша ақындық декламацияның немесе проза фрагментінің ұзақтығы 3 минуттан аспайтын AV, mp4 форматындағы бейнежазба қазақ немесе орыс тілдерінде қабылданады.

3) **«Қызғалдақ гүлі – Наурыз мерекесінің символы»** номинациясында 10 беттен аспайтын, 3-4 фотосуретімен қоса мерекелік іс-шараның сценарийі қабылданады.

Байқауға тек жеке жұмыстар қабылданады.

14. Байқау жұмысының титул парағын толтыру реті.

- 1) Байқау жұмысының титул парағында келесі ақпарат көрсетілуі тиіс:
- 2) байқауға қатысушының аты-жөні (толық);
- 3) қатысушының жасы;
- 4) облыс, аудан (қала), ауыл;
- 5) білім беру ұйымының аталуы;
- 6) байқаудың және номинацияның аталуы;
- 7) қатысушының байланыс телефоны.
- 8) жетекшінің толық аты- жөні, байланыс телефоны.

13. Байқау өлшемдері:

- 1) байқаудың тақырыбына және номинациясына сәйкестігі;
- 2) білім алушының жеке және жас ерекшелігіне сәйкестігі;
- 3) сюжеттің түпнұсқалығы және авторлық ұстанымы;
- 4) елестету байлығы және автордың шығармашылық тәсілі;
- 5) байқау жұмысын сауатты және эстетикалық түрде ресімдеу;
- 6) композиция тұтастығы;
- 7) логикалық аяқталуы;
- 8) музыкалық және сахналық мәдениеті.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

15. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

16. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары мына сілтеме арқылы <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.